

Магистратура бағдарламасының мақсаты мен оқыту нәтижелері

Білім беру бағдарламасының мақсаты	Оқыту нәтижелері
<p>Ақпараттық жүйелер мен технологиялар саласында жоғары білікті, көптілді және бәсекеге қабілетті, зерттеушілік және педагогикалық дағдыларға ие; IT-технологиялар саласында алдыңғы қатарлы білімдерге ие мамандар даярлаудан тұрады</p>	<p>ОН1 Өркениет дамуының философиялық мәселелерін талдау; тұлғааралық және кәсіби қарым-қатынас үшін шет тілдерін еркін пайдалану, стандартты емес мәселелерді шешу үшін пәнаралық және кәсіби сипаттағы білімді қолдану дағдыларын дамыту, басқарудың әлеуметтік-психологиялық технологияларын меңгеру</p>
	<p>ОН2 Жоғары мектепте ғылыми-педагогикалық ойлаудың кәсіби-педагогикалық іскерлігін және мәдениетін қалыптастыру; оқытушының кәсіби құзыреттілігін дамыту; болашақ мамандарды даярлауда оқытудың әдістерімен нысандарымен жұмыс істеу дағдысының болуы; заманауи білім беру технологияларын, оның ішінде ҚБТ қолдану</p>
	<p>ОН3 Ақпараттандырудың, бизнес-процестердің, АЖ, ұйымның операциялық ортасының жай – күйін талдай және басқара білу, ұйымның IT-жобаларын қамтамасыз етудің барлық түрлерін әзірлеу және сүйемелдеу.</p>
	<p>ОН4 Компьютерлік жүйелермен БҚ қауіпсіздігіне аудит жүргізу; процестер мен жүйелерді басқаруды жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу дағдыларына ие болу. АЖ перифериялық құрылғыларын басқару үшін утилиталарды әзірлеу; енгізу-шығару порттары арқылы құрылғылардың жұмысын басқару дағдыларына ие болу</p>
	<p>ОН5 Процестің немесе құбылыстың математикалық моделін жасау (ғылым, білім, технология, экономика және басқару есептері); бұл модельді математикалық қатынастар түрінде формализациялау. Математикалық модель негізінде компьютерлік модель құру және факторлық талдауды қолдана отырып, оның сәйкестігін тексере отырып, есептеу экспериментін өткізу</p>
	<p>ОН6 Maxima, SciLab математикалық қосымшаларымен іс жүзінде жұмыс істеу; ғылыми және қолданбалы есептерді шешу үшін функционалдық және логикалық бағдарламалаудың аспаптық құралдарымен (соның ішінде MPI және OpenMP технологиялары негізінде жасанды интеллект және параллельді есептеулер</p>

	<p>есептерін): Scheme, F# тілдерінде бағдарламалау, сондай-ақ C++ және C#бағдарламалау тілдерінде функционалдық тәсілді анықтау.</p>
	<p>ОН7 АЖ бағдарламалық компоненттерімен бағдарламалық қосымшаларын әзірлеу, сүйемелдеу және құжаттау; мобильді құрылғылардың қолданбалы мәселелерін шешу үшін бағдарламалық кешендер әзірлеу; үлкен деректер негізінде зияткерлік талдау әдістері мен өнімдерді, қызметтерді және шешімдерді әзірлеу нұсқаларын ұсыну.</p>
	<p>ОН8 Үлкен деректерді талдау негізінде сервистерді әзірлеу; үлкен деректерді пайдаланудың жаңа әдістері мен технологияларын әзірлеу және енгізу; деректерді визуализациялау; ұйымның бизнес - процестерінің реверс инжинирингін жүргізу; IT - жобаларды басқару, PERT-талдау әдістемесін қолдану дағдыларына ие болу.</p>
	<p>ОН9 АКТ саласында дербес зерттеуді ұйымдастыру және жүргізу қабілетін көрсету; негізделген ұсынымдарды дәлелдеу және әзірлеу; ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, әртүрлі пәндік салалардағы міндеттерді шешудің жаңа модельдері мен әдістерін әзірлеу; ғылыми, қолданбалы (кәсіби) ақпаратты бағалау және оны талдамалық шолу түрінде ұсыну.</p>
	<p>ОН10 Іздеу жүйесін оңтайландыру әдістерін қолдану; контентті басқару жүйесімен (CMS) тиімді жұмыс істеу дағдыларына ие болу; басқару есептерін формализациялау және оңтайландыру кезінде математикалық модельдер мен әдістерді қолдануға ұсыну; қолданбалы есептердің модельдерін құру, шешім қабылдау мәселелерін шешу, олардың нәтижелерін оңтайландыру.</p>
	<p>ОН11 Есептеу экспериментін өткізу технологиясының дағдыларын; оңтайландыру әдістерін; жасанды интеллект есептерін шешуде қолданылатын тәсілдер мен әдістерді меңгеру; бейнелерді тану есептерінде нейрожүйелерді бағдарламалау бойынша дағдылар мен іскерліктерді қолдану; деректерді интеллектуалды талдауды құрудың негізгі аспаптық құралдарымен жұмыс істеу дағдылары.</p>
	<p>ОН12 қажетті зерттеу әдістерін таңдау; ғылыми зерттеулер мен эксперименттік жұмыстарды жүзеге асыру; алынған нәтижелерді өңдеу, оларды талдау және</p>

	аяқталған ғылыми-зерттеу әзірлемелері түрінде ұсыну; АКТ саласындағы қазіргі заманғы проблемаларды меңгеру.
--	---